

ТАҚЫРЫП 2. Мемлекет қоғамдық үдерістерді басқару субъектісі ретінде

Дәріс жоспары (1 сағат)

- 1.Мемлекеттің пайда болуы, мәнісі мен негізгі сипаттамалары**
- 2.Мемлекеттің пайда болуы туралы теорияның негізгі бағыттары және оны басқару тәртібі, мемлекеттік құрылым және саяси режимі бойынша жіктеу**

Әдебиеттер: нег: 1-21; қос 22-65

Кесте 1 – Мемлекеттің негізгі белгілері

1	Белгілі территорияның болуы	Өз шекарасында мемлекеттің билігі қоғамның барлық мүшелеріне таралады
2	Егемендік	Мемлекет ішкі істерде және сыртқы саясатты жүргізуде толығымен тәуелсіз
3	Кең әлеуметтік база	Мемлекет өзінің өкілеттігін жүзеге асыру үшін экономикалық, әлеуметтік, рухани және т.б. ресурстарды шоғырландырады
4	Легитимді күштеуге деген монополия	Мемлекет заңдардың орындалуын қамтамасыз етіп, оларды бұзушыларды жазалау үшін күш көрсетуге құқылы
5	Салық жинау құқығы	Мемлекет түрлі салықтар мен алымдарды бекітіп, оларды халықтан жинайды, олар мемлекеттік органдарды қаржыландыру мен түрлі басқарушылық мәселелерді шешуге бағытталады
6	Биліктің бұқаралық сипаты	Мемлекет жеке мүдделер емес, бұқаралық мүдделердің қорғалуын қамтамасыз етеді.
7	Мемлекеттік символиканың болуы	Мемлекеттіліктің белгілері – елтаңба, ту, әнұран және т.б.

*Мемлекеттің
функциялары* —
қоғамдағы
мемлекеттің мәні мен
тағайындалуын
сипаттайтын
мемлекет іс-әрекетінің
негізгі бағыттары

*Мемлекет функцияларының
белгілері:*

- бұл — мемлекет іс-әрекетінің тарихи өзгермелі бағыттары.
- бұл— мемлекеттің неғұрлым маңызды әлеуметтік саладағы тұрақты, қайталанушы да объективті қажетті іс-әрекеті.
- олар мемлекеттің барлық органдарының үйлестірілген іс-әрекеті арқылы орындалады.
- функциялардың іске асырылуы биліктік-мәжбүрлеу, құқықтық әдістер арқылы қамтамасыз етіледі.

Кесте 2 – Мемлекеттің негізгі функциялары

№	Жіктеу критерийлері	түрлері	мәні
1.	Мемлекеттің қоғамдық қатынастарға ықпал етуі бойынша	қорғаныс; реттеуші	Қорғаныс функциялары — барлық қоғамдық қатынастарды қорғауға бағытталған мемлекет іс-әрекеті (азаматтар құқықтары мен еркіндіктерін қорғау, мемлекетті сыртқы қауіптен қорғау, табиғат қорғау және т.б.). Реттеуші функциялар — мемлекеттің әрекет етуші қоғамдық қатынастарды дамытуға бағытталған іс-әрекеті (экономикалық, әлеуметтік, т.б.)
2.	Қоғам үшін маңыздылығы бойынша	Негізгі және негізгі емес	Елдің қорғаныс қабілеттілігін қамтамасыз ету, кәсіптік спорт дамуы үшін жағдай жасау, т.б.
3.	Әрекет ету мерзімі бойынша	Тұрақты және уақытша	Мәдениетті дамыту және қараусыз балалардың болуының алдын алу
4.	Халықтың түрлі топтарының қызығушылық ескеру дәрежесі бойынша	Белгілі әлеуметтік топтарға (кластық) және жалпыәлеуметтік топтарға бағдарланған	Шаруа қожалығының даму деңгейін арттыру, қоршаған ортаны қорғау
5.	Ықпал ету объектілері бойынша	Ішкі және сыртқы	Халық денсаулығын қорғау, халықаралық ынтымақтастық

Кесте 3 – Мемлекет функцияларының жіктелуі (сыртқы және ішкі)

Ішкі функциялар		Сыртқы функциялар	
1. Экономикалық функция	Салықтарды орнату, несие беру, инвестициялар, жеңілдіктерді арнықтау, әлеуметтік инфрақұрылым	1. Қорғаныс функциясы	Мемлекеттер арасында жанжалды шешу, олардың әскери қақтығысының алдын алу
2. Саяси функция	жалпы халық билігін білдіретін парламенті құру процесі, конституциялық құрылымды қорғау, мемлекеттік егемендікті сақтау	2. Дипломатиялық функция	Идеология, шаруашылық жүйесінен тәуелсіз барлық елдермен жағымды қатынасты сақтау
3. Әлеуметтік функция	Минималды еңбекақыны, зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақыны орнату	3. Сыртқы саяси функция	Ғаламдық қарулы жанжалдың алдын алу үшін мемлекеттердың саяси ынтымақтастығы (БҰҰ)
4. Құқық қорғау функциясы	Құқық шығармашылық әдісі (заң өңдеу және қабылдау), құқық қолдану әдісі (құқықтық жауапкершілікті қолдану), ұйымдық-құқықтық (баға белгілеуді реттеу, ереуілдерді реттеу)	4. Сыртқы экономикалық функция	Бір бірімен территориялық байланысқан елдердің ынтымақтастығы (ЕАЭС, ТМД)
5. Экологиялық функция	Keң табиғат қорғау заңнамасы	5. Мәдени ынтымақтастық	ЮНЕСКО

Мемлекет - нақты қоғамның саяси жүйесіндегі орталық билік институты

Мемлекет
пайда
болуының
негізгі
себептері

1. **«иемденуші» экономикадан «өндіруші» экономикаға көшу:** яғни еңбектің бөлінуі (мал шаруашылығы мен жер игерудің бөлінуі, қолөнер, көпестердің пайда болуы);
2. **Салыстырмалы артық өнім жасау (еңбек өнімділігінің артуымен):** отбасылық және қоғамдық өмірді ұйымдастырудың өзгеруі; өнімді айырбас үшін өндіру; еңбек пен меншік арасындағы алшақтықтың пайда болуы еңбек құралдары мен өнімдеріне жеке меншіктің пайда болуына әкелуі;
3. **қоғам мүшелерінің әлеуметтік-таптық жіктелуі (жекелеген адамдарда меншіктің жинақталуынан)**

Мемлекетке деген қатынас:

Мемлекет:

- Қоғамдық дамудың мақсаты мен жоғарғы нәтижесі;
- Қоғам үшін пайда;
- Мықты болуы тиіс.

Этатизм

Мемлекет:

- Әлеуметтік және адамгершілік зұлымдық;
- Құқықпен шектелуі тиіс (либералдар);
- Жойылуы тиіс (анархистер, марксистер).

Антиэтатизм

Мемлекеттің пайда болу формалары

Мемлекеттің пайда болуы — әлемнің түрлі халықтарында түрлі жолдармен жүзеге асқан ұзақ процесс.

Кейбір авторлар мемлекет пайда болуының *4 формаларын* бөліп көрсетеді:

- афиналық;
- көне римдік;
- көне германдық;
- азиялық.

Мемлекеттің пайда болу формалары – афиналық



- 1. Мемлекеттің туындау процесі – классикалық;**
- 2. Жүзеге асырылған реформалар: Тезей, Солон, Клисфен реформалары;**

1. Тезей реформасының мәні:

- Халықты руластығына қарамастан еңбек іс-әрекетіне байланысты кластарға жіктеу: жер иелері (геомор), белгілі қолөнермен айналысатын адамдар (демиург), ақсүйектілер (эвпатрид);
- учредил в Афинах центральную власть.

2. Солон реформасының мәні:

- Қоғамды мүліктік белгісі бойынша (жер иелену көлемі мен табыстылығы) 4 класқа жіктеу: алғашқы 3 класс мемлекеттік басқару органдарында басқару лауазымына ие болса, ал 4-ші класс халық жиналысына қатысып, дауыс беру құқығына ие болды.

3. Клисфен реформасының мәні:

- Аттика территориясын 100 қауымдастық-округтерге (демалар) бөлу, олар өзін-өзі басқару қағидасына неізделіп, оларды ақсақалдар (демарх) басқарған

Мемлекеттің пайда болу формалары – көне римдік

Мемлекеттің пайда болуының аталмыш формасы өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Рим қоғамында мемлекеттің пайда болуы мемлекетті басқаруға қатыстырылмаған келімсек плебейлер мен рим ақсүйектерінен құралған патрициялар арасындағы күреспен жылдамдатылған болатын





Мемлекеттің пайда болу формалары

—

көне германдық

Мемлекет туындауының аталмыш формасына мемлекеттілік туындауының германдық тайпалардың (варварлар) кең территорияларды жаулап алу процесімен қатар жүруі тән. Германдықтармен жаулап алынған Рим империясының үлкен территориясын басқару үшін рулас билік органдары сәйкес келмей, бұл мемлекеттің пайда болуына әкелді

Мемлекеттің пайда болу формалары – азиялық. Шығыста кең тарауға ие болды (Мысыр, Вавилон, Қытай, Үндістан және т.б.)

1. Жер общинасы, ұжымдық меншік сияқты рулас әлеуметтік-экономикалық құрылыс тұрақты болды. Көне Шығыста туындаған алғашқы мемлекеттер бір уақытта ауылдық общиналарды пайдаланып, басқарды, яғни өндірістің ұйымдастырушыларына айналды.
2. Азияда мемлекеттің пайда болуына күрделі ирригациялық және құрылыс жұмыстарын орындау қажеттілігін туындатқан **климат** ықпал етті
3. Мындаған құлдарды басқарған ру-тайпалас ақсүйектер біртіндеп мемлекеттік органдарға ауысты.
4. Басқару аппаратының саны артып, басқару мамандығы мен кәсіпқойлығы тұрақтандырылды
5. Мемлекет өндірістің ұйымдастырушысына айналды
6. Ұжымдық меншік мемлекеттік меншікке айналды, кейіннен оның жеке меншік формалары пайда болды (бастапқыда меншіктен лауазымды жоғалтумен айрылды); қоғам таптарға бөлінді





Сұрақ 2. Мемлекеттің пайда болуы туралы теорияның негізгі бағыттары және оны басқару тәртібі, мемлекеттік құрылым және саяси режимі бойынша жіктеу



Мемлекет жайлы ғылымды *зерттеуші:*

- **Никколо Макиавелли** идеяларына бюрократия теоретиктері (М. Вебер, Р. Михельс) сүйенеді;
- Заманауи басқарудың дамуына ықпал еткен Макиавеллидің **4 қағидасы:**
 - 1) Лидердің беделі немесе билігі жақтаушылардың қолдауына сүйенеді;
 - 2) бағыныштылар өз лидерінен нені күтетінін білуі тиіс;
 - 3) лидер өмір сүруге деген ерікке ие болуы тиіс;
 - 4) лидер – жақтаушылар үшін үнемі даналық пен әділдіктің үлгісі.







Ф. Аквинский

Теологиялық (діни), теократиялық (діни философтар А. Аврелий, Ф. Аквинский) – Ватиканның ресми идеологиясы

Мемлекеттің туындауы Құдайдың еркімен байланысты болады. Адамдардың Құдайдың еркі мен қағидаларына бағынуы қоғамдағы тәртіпті қамтамасыз етеді. Монарх Құдайдың өкілі болып табылады

Артықшылықтары:

- азаматтық келісім мен руханилылықты нығайтады;
- күштеуге жол бермейді

Кемшіліктері:

- Ғылымға сәйкес емес



Конфуций

Патриархалдық (негізін салушылар Аристотель, Конфуций) (ағылшын ойшылдары Р. Фильмер)

Отбасыдағы атаның (патриарх) табиғи қажетті билігі мен елдегі жоғарғы билік атасының өкілеттігі арасында параллель жүргізіледі (мемлекет отбасының тарихи даму өнімі)

Артықшылықтары:

- мемлекеттік билікке деген сыйластықты қалыптастыру;
- қоғамның ұжымдылығы

Кемшіліктері:

- мемлекет пен мемлекеттік биліктің отбасы мен әке билігінен айырмашылығын жоққа шығару



Г.Гроций

Келісім-шарттық (Г.Гроций, Д.Локк, Т.Гоббс, Ж.-Ж.Руссо)

Адамдар арасында келісім-шартқа отыру, олардың еркі мен санасының көрініс табуы мемлекеттің құрылуына әкелді

Артықшылықтары:

- демократиялық мазмұнға ие;
- халықтың мемлекеттік билікті қалыптастыру мен құлатуға қатысты құқығы негізделеді

Кемшіліктері:

- мемлекетке ықпал ететін объективті сыртқы факторлар ескерілмейді (әлеуметтік-экономикалық, әскери-саяси)



Ф.Энгельс К.Маркс В.И.Ленин

Кластық (Ф.Энгельс, К.Маркс, В.И.Ленин)

Мемлекет қоғамдық еңбек бөлінісінің және бір кластың екіншісіне үстемдігін қолдау үшін антагонизмде болатын кластар туындауының нәтиже ретінде пайда болды

Артықшылықтары:

- қоғамның әлеуметтік-экономикалық факторына негізделеді

Кемшіліктері:

- ұлттық, діни, психологиялық, әскери-саяси және өзге себептерді лайықты бағаламау



З.Фрейд Л.И.Петражицкий

Психологиялық (З.Фрейд, Л.И. Петражицкий)


Мемлекет адамның ұйымдасқан қоғам шеңберінде өмір сүруге деген психологиялық қажеттілігі нәтижесінде қалыптасты

Артықшылықтары:

- Мемлекеттің қалыптасуына психологиялық факторлар зор ықпал етеді;
- Адамдардың түлі қызығушылықтары психика арқылы жүзеге асырылады

Кемшіліктері:

- Барлық қоғамдық өмірді адамдардың психологиялық өзара әрекеттестігіне теңеуге болмайды;
- Қоғам мен мемлекеттің өмірін психологияның жалпы заңдарымен өлшеуге болмайды.



К.Каутский

Күштеу теориясы (Е.Дюринг, Л. Гумплович, К.Каутский)

Мемлекеттің пайда болуы табиғат заңының көрінісі ретінде адамзат дамуының тарихына тән соғыстармен байланыстырылады (мемлекет мәжбүрлеудің айрықша аппараты)

Артықшылықтары:

- Күштеу элементтері кейбір мемлекеттердің туындау процесіне тән болды

Кемшіліктері:

- Әскери-саяси факторлардан басқа өңірде әлеуметтік-факторлар да орын алады

Мемлекеттік құрылым формасы — мемлекеттің немесе одақты құрайтын мемлекеттердің территориялық ұйымдасу тәсілі



Мемлекеттік құрылым формасы – федерация (бірнеше дербес мемлекеттердің (мемлекеттік құрылғылардың) бірігу нәтижесінде туындауы)

- 1) Федеративті мемлекет табиғаты бойынша екіжақты:
 - Бірегей мемлекет;
 - Мемлекеттер одағы.
- 2) Негізгі қағидасы — жалпыфедералдық конституция мен заңнама үстемдігі
- 3) Федерацияның әр мүшесі егемендігінің көрсеткіші – оларда өзіндік конституция, заңнама, өкілетті және атқарушы билік органдары, кейбір жағдайда азаматтық, елтаңба, әнұранның болуы
- 4) Маңызды біріктіруші фактор – бірегей әлеуметтік-экономикалық кеңістік, ақша бірлігі мен азаматтықтың ортақтығы

Қазіргі таңда 20 федеративті мемлекеттер бар:

- Өзге территориялардың орталықтан бірігуімен шарттық қалыптасуды үйлестірді (АҚШ);
- Унитарлы мемлекеттің федералдануы есебінен құрылды (Австрия);
- Деколонизациялану процесінде федерация ретінде қалыптасты (Үндістан);
- Саяси жағдайына байланысты формалды түрде шарттық процеске жүгінген жоғарыдан орталықсыздандырылды (РФ)

Мемлекеттік құрылым формасы – унитарлы мемлекет
(бір конституция; жоғарғы мемлекеттік билік органдарының бірегей жүйесі, барлық әкімшілік-территориялық бірліктердің орталықтану дәрежесі (оларда саяси дербестіктің болмауы))

1. Орталықсыздандырылған:

- өңірлік ұйымдасу жергілікті жерлерде қалыптасады.
- **Мысал:**
Ұлыбритания, Испания, Италия

2. Орталықтандырылған:

- өңірлік ұйымдасу орталықтан тұлғаларды тағайындау арқылы орталыққа бағынады.
- **Мысал:**
Өзбекстан, Қазақстан

Мемлекеттік құрылым формасы – унитарлы мемлекет

- 1) Орталықсыздандырылған қауымдастықтар федерациямен салыстырғанда өзін-өзі ұйымдастыру билігіне ие болмайды;
- 2) Территорияларға қатысты бірегей болып табылатын (іштей бөлінсе де) орталықтан басқарылады.
- 3) Территориялық қауымдастықтар мен олардың органдары өз мемлекеттігіне, заңнамасына ие болмайды, сонымен қатар олар орталықтың заңнамалық немесе сот іс-әрекетіне қатыса алмайды

Мысалы: *Финляндия, Франция, Жапония*. 1918 жылға дейін Ресей империясы да унитарлы мемлекет болған.

Қазір Ұлыбритания, Испания, Италия, Дания, Финляндия сияқты бірқатар унитарлы елдерде жекелеген территориялар үшін әкімшілік автономдылық бар (Ұлыбритания құрамында Шотландия және Солтүстік Ирландия шектеулі автономдылыққа ие)

Мемлекеттік құрылым формасы – конфедерация

(белгілі мақсатпен, оның ішінде сыртқы саяси мақсатта құрылған егемен мемлекеттердің тұрақты одағы)

- 1) Конфедерация субъектілері жоғары егемендікке ие, конфедерация тек сыртқы, қорғаныс, кейде қаржы-экономикалық саясат мәселелерін шешеді;
- 2) Орталық органдар, бірегей қарулы күштер және ортақ банк жүйесін құру қажет болған жағдайда оларды паритетті негізде және конфедерация субъектілерінің заң актілерінде ратификациялау шартында ғана құрайды

Мысал: ХХ ғасырда Мысыр мен Сирия Бірікке Араб Республикасын құрды (1958–1962 жж.), Сенегал және Гамбия — Сенегамбия (1982), Чехия және Словакия — Чех және Словакия Федеративті Республикасын (1990–1992 жж). КСРО-ң бұрынғы республикаларынан құралған ТМД-н құқықтанушы мамандар конфедерацияға жатқызады ; ал негізінен ол кеңес беруші мемлекетаралық келісім ғана болып табылады

Билік ету формасы бойынша мемлекеттер жіктеледі:

Монархия

- Конституциялық;
- Абсолютті;
- Дуалистік.

Республика

- Парламенттік;
- Президенттік;
- Аралас.

Монархия - жоғарғы билік және мемлекет бір басшыға (әдетте мұрагер) тән болатын басқару формасы

1. Шектелмеген (абсолютті) монархия:

- Ел басының толыққанды билігі;
- монарх – егемендіктің жалғыз тасушысы

2. Шектеулі (конституциялық) монархия:

- конституциялық – монархтың билігі конституциямен шектелген;
- парламенттік – монарх өкілеттігі парламенттің әрекетімен шектеледі

Статистика:

Қазіргі таңда монархиялық құрылым әлем елдерінің 15%-да әрекет етеді

Кесте 4 – Қазіргі таңдағы монархия түрлері



Абсолютті	Конституциялық	Дуалистік
Монарх билігі күрделі шектеулерге ие болмайды	Монарх билігі конституциямен немесе парламентпен шектеледі	Монарх билігі заңнама шеңберінде шектеліп, атқарушы билікте кеңінен байқалады
Елдер		
Катар, Оман, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірлігі	Андорра, Бельгия, Ұлыбритания, Дания, Испания, Норвегия, Таиланд, Жапония	Кувейт, Иордания, Марокко

Республика - билік органдары сайлау қағидасы бойынша қалыптасатын мемлекеттік басқару нысаны. Жоғарғы билік сайлаулы өкілді органдардың қолында. Елбасы халықпен сайланады

Президенттік	Парламенттік	Аралас
<ul style="list-style-type: none"> •Қоғамның саяси өмірінде президент жетекші рольге ие; •президент (парламент сияқты) халықпен сайланады; •президент - мемлекеттің және атқарушы билік басшысы; •Елдегі билік тұрақты: заң шығарушы және атқарушы билік буыны ынтымақтасуға мәжбүрлі 	<ul style="list-style-type: none"> •Парламент саяси өмірді анықтайды; •Сайлаулы парламент үкіметті қалыптастырып, бақылайды; •президент парламентпен сайланады және номиналды елбасы болып табылады; •Егер парламент жанжалдасушы партиялық топтарға бөлінсе, билік тұрақсыз болады 	<ul style="list-style-type: none"> •Елбасы халықпен сайланып, үкіметті тағайындайды; •Үкімет парламент алдында жауапты, президент парламентті уақытынан бұрын тарата алады

Елдер

<p>Боливия, Венесуэла, Мексика, АҚШ</p>	<p>Израиль, Үндістан, Исландия, Италия, ГФР, Түркия</p>	<p>Австрия, Аргентина, Болгария, Бразилия, Литва, Польша, Франция, Финляндия, <u>АҚШ</u>, Португалия</p>
---	---	--

Үй тапсырмасы – ТМД елдерінің қандай республикаға жататынын анықтау!!!

Саяси режим - мемлекеттің билікті жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы


1. Демократиялық:

- Заңның үстемдігі;
- Биліктің бөлінуі;
- Адамдардың шынайы саяси және әлеуметтік құқықтары мен еркіндіктерінің болуы;
- Мемлекеттік билік органдарының сайлаулылығы;
- Оппозицияның болуы және **плюрализм** (өзгелердің пікірі мен идеологиясына сыйластық, оның ішінде оппозициялыққа), толық жариялылық қамтамасыз етілген)

2. Антидемократиялық:

- Заңсыздық пен террордың үстемдігі;
- Саяси плюрализмнің болмауы;
- оппозициялық партиялардың болмауы.





Саяси режим

```
graph TD; A[Саяси режим] --> B[демократиялық]; A --> C[авторитарлы]; A --> D[тоталитарлы]; A --> E[Либералды (еркін)];
```

демократиялық

авторитарлы

тоталитарлы

Либералды
(еркін)



Саяси режим (демократиялық) – заңдарға негізделген және қоғамға есеп беретін билікті ұйымдастыру

Мәселелері:

- 1) **Халық** - билік көзі;
- 2) Биліктің бөлінуі (заң шығару, атқарушы, сот билігінің бөлінуі);
- 3) Азаматтар бірлестіктері мемлекет істерін басқаруға қатысады;
- 4) Орталық (экология, әлемдік қауымдастықта еңбектің бөлінуі, жанжалдың алдын алу) және жергілікті органдардың бөліну жүйесі;
- 5) Саяси плюрализм - екі немесе көппартиялы жүйені құру мүмкіндігі, саяси партиялардың бәсекелестігі және олардың халыққа ықпалы, заңды негізде саяси оппозицияның әрекет етуі

ҚОҒАМНЫҢ
шамадан тыс
әлеуметтік жіктелуі,
кейде демократияның
өзінің диктатын
жүргізуі (көпшіліктің
авторитарлы
үстемдігі), кейде бұл
режим биліктің
әлсіреуіне, тәртіптің
бұзылуына, тіпті
анархияға әкеледі

Саяси режим (авторитаризм) – (лат. auctoritas – билік, ықпал ету) – бір партияның, топтың, тұлға немесе әлеуметтік институт билігіне
МОНОПОЛИЯ

- 1) Ешкімге есеп бермейтін бір топ, партия немесе коалицияның монополиясы;
- 2) Оппозиция әрекетіне толық немесе жартылай тыйым салу;
- 3) Жоғары орталықтандырылған биліктің құрылымы;
- 4) Шектеулі плюрализмді сақтау, мемлекет және қоғам арасында дифференциацияланған қатынастың сақталуы :
- 5) Биліктің күштеусіз асуы мүмкіндігінің болмауы;
- 6) Билікті сақтап қалу үшін күш қолдану

Қазіргі таңда авторитарлы режим кең таралған: Азия елдері, Африка, Таяу Шығыс, Латын Америкасы

Кесте 5 – Саяси режимдердің айырмашылықтары

Авторитаризм	Тоталитаризм
шектеулі плюрализм (егер бұл әрекет етуші жүйені сақтау қызығушылығына кедергі келтірмесе)	Өмірдің барлық салаларының мемлекетке толығымен бағынуы
Қоғамды мақсатты түрде десаясаттандыру, олардың әлсіз саяси ақпараттануы	Қоғамдық өмірдің барлық салалары бақыланады
Авторитаризм <u>тоталитаризм мен демократия арасында аралық (өтпелі) орынға ие</u>	
Авторитаризмнің ұқсастығы	
демократияға – автономдық, мемлекетпен реттелмейтін қоғамдық салалардың болуы, азаматтық қоғам элементтерінің сақталуы	Тоталитаризм – автократиялық, заңмен шектелмейтін билік сипаты

Саяси режим (тоталитарлы) – «жалпылама билік ету» режимі, адамдардың өміріне шексіз араласу

Тоталитарлы саяси режимнің белгілері	Сипаттамасы	Мысал
Жалғыз жаппай партияның болуы	Партиялық және мемлекеттік құрылымдардың бірігуі. Бұл « <u>партия-мемлекет</u> », яғни бірінші орында орталық партиялық аппарат тұрады, ал мемлекет - партиялық бағдарламаны іске асыру құралы	Германияда - НСДАП, Кеңес Одағында - КПСС
Биліктің монополиялануы мен орталықтануы	Өмірдің саяси және саяси емес салалары арасында шекара жойылады (« <u>ел біртұтас лагерь ретінде</u> »). Жеке өмірге дейін барлығы қадағаланады. Билік органдары жабық түрде (бюрократиялық жолмен) қалыптасады	КСРО мен Германияда электронды БАҚ Үкіметтің қарауында болады
Ресми идеологияның үстемдігі	Жаппай индоктринация (БАҚ, оқыту, насихат) жолымен қоғамға жалғыз ғана дұрыс ойлау тәсілі ретінде насихатталады.	Кеңестік идеология - <u>марксизм-ленинизм</u> ; гитлерлік Германияның идеологиясы - <u>национал-социализм</u>
Физикалық және психологиялық террор режимі	<u>Полицейлік мемлекет режимі</u> , онда мынадай қағида үстемдік етеді: «Билікпен бұйырылған нәрсеге ғана рұқсат етіледі, қалғандарына тыйым салынады»	<u>Сталиндік репрессия.</u>

Саяси режим (тоталитарлы) – мемлекеттің қоғамның барлық өмір саласын толық (тоталды) бақылаумен сипатталатын саяси режим түрі

- 1) Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Италия және Германия елдерінде орын алды;
- 2) Бұл режим аса орталықтанумен сипатталады. Басқару жоғарыдан бұйрық берумен ұласады, мұнда инициатива ынталандырылмай, жазаланады.
- 3) Жергілікті билік органдары бұйрықты қарапайым берушілерге айналады.
- 4) Өңір ерекшеліктері ескерілмейді

Тоталитарлы режимге дәстүрлі түрде жатқызылады:

коммунистік («сол жақ») (КСРО – Сталин, ҚХДР – Мао Цзэдун) және фашистік («оң жақ») (Германия – Гитлер, Италия – Муссолини)



Бенито Муссолини



Иосиф Сталин



Адольф Гитлер

Саяси режим (либералды) - белгілі даму кезеңіндегі өркениеттің әрекет ету шарты

- 1) Ол экономиканың тауарлы-ақшалай, нарықтық ұйымдастырылуымен байланысты;
- 2) Барлық азаматтардың формальды теңдігі;
- 3) Сөз еркіндігі, меншік формалары, жеке инициатива;
- 4) Мемлекеттік билік сайлау жолымен қалыптасады, оның нәтижесі тек халық пікірінен емес, сонымен қатар қандай да бір партиялардың қаржылық мүмкіндіктерінен тәуелді болады
- 5) Мемлекеттік басқару биліктің бөлінуі негізінде жүргізіледі

Мәселелері:

- Кейбір азаматтар категорияларын әлеуметтік қорғау, қоғамның жіктелуі, т.б.
- Тек экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі жоғары қоғамда неғұрлым тиімді болады;
- Халық неғұрлым жоғары саяси, интеллектуалды, құқықтық мәдениетке ие болуы тиіс